



6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша (PhD) философия ғылыми дәрежесін алуға докторант PhD Улдан Батырхановна Дербисбековаға «4H-пиридо[4',3':5,6]пирано[2,3-d]пиримидин» туындысының субстанциясы негізіндегі дәрілік қалыптың құрамы мен технологиясын жасау» тақырыбы туралы ғылыми кеңесші, х.ғ.д., профессор Роза Амиржановна Омарованың

ПІКІРІ

Дербисбекова Улдан Батырхановнаның диссертациялық жұмысы 4H-пиридо[4',3':5,6]пирано[2,3-d]пиримидин туындыларының қатарына синтез жүргізуге, алынған субстанциядан дәрілік қалыптың құрамы мен технологиясын жасап шығаруға арналған.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының міндеттерінің бірі ұлттық денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту, оның тиімділігін, қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету деп көрсетілген болатын.

ДДҰ мәліметтері бойынша экономикалық даму қарқынына қарамай барлық әлем елдерінде өлім саны бойынша инфекциялы аурулар өзекті мәселе болып табылады. Қазақстандықтардың ересек адамдар арасында төрттен бір бөлігі әртүрлі дәрежеде сыртқы микоз ауруларынан зардап шегеді. Осы мақсатта басым түрде құрамында пиримидин сақиналы қосарланған азот жүйелерінің туындыларының негізіндегі белсенді заттарды іздестіру және оның негізінде дәрілік қалып жасау қазіргі таңда, болашағы бар өзекті тақырыптың бірі болып табылады.

Докторант PhD диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін ағылшын және орыс тілдерінде, Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, оның ішінде: Алматы, Шымкент (Қазақстан), Дубай (БАЭ), Душанбе (Тәжікстан), Харьков, Сумск (Украина), Самарқанд (Өзбекстан), Владикавказ және Санкт-Петербург (Ресей) қалаларында өткен халықаралық конференциялар жинақтарында, Web of Science Core Collection және Scopus базасына кіретін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда аса қызығушылықпен және ізденушілікпен жариялады.

У.Б. Дербисбекова зерттеу жұмысы бойынша, пиперидинилэтанон субстанциясы негізіндегі дайын гельдің құрамы мен технологиясын жасап, технологиялық регламентін құрастырды.

У.Б. Дербисбекова диссертациялық жұмысын орындау барысында, теориялық және тәжірбиелік зерттеулерде жоғарғы деңгейдегі қызығушылық танытып, үздік нәтижелерге қол жеткізе білді. У.Б. Дербисбекова



ұйымдастырушылық қабілетімен және тәртіптілігімен ерекшеленетін, өз қатарластары арасындағы аса сыйлы докторант PhD.

Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеудің ғылыми жаңалығы №2239, 15.09.2016 ж., атауы «Зеңге қарсы дәрілік гелі» пайдалы модельге патентімен расталды. Сондай-ақ, тіркеу №2017/0720.1, 31.08.2017 ж. «Пиперидинилэтанон субстанциясының негізіндегі зеңге қарсы әсері бар гель» атаулы, өнертабыс патентін алуға тапсырыс беріліп, оң шешім туралы қорытындысы алынды.

Докторант PhD У.Б. Дербисбекова диссертациялық жұмыста қойылған өзектілігі, мақсат, міндеттері, ғылыми жаңалығы бойынша көлемді де сапалы зерттеу жұмысын толық жүргізді.

Осылайша, жоғарыда аталып отырған пікірге сүйене отырып, докторант PhD У.Б. Дербисбекованың диссертациялық жұмысы барлық талаптарға сай орындалған еңбек болып табылады және Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
химия ғылымының докторы, профессор



Р.А. Омарова

